

## Атмосфералық ауаны қорғау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 11 наурыз N 302-ІІ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Заңымен.

Осы Заң атмосфералық ауаны қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және адамның өмірі мен денсаулығы үшін қолайлы қоршаған орта мен оның жай-күйі туралы дұрыс ақпарат жөніндегі азаматтар құқықтарын іске асыруға бағытталған.

### **1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) атмосфералық ауа - қоршаған ортаның атмосфера газдарының табиғи қоспасы болып табылатын компоненті;
- 2) атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ету - атмосфералық ауаның температуралық, энергетикалық, толқындық, радиациялық және басқа да физикалық қасиеттерін өзгертетін шудың, тербелістің, иондаушы сәуленің, температуралық және басқа да физикалық факторлардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсер етуі;
- 3) атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің жол берілетін шекті нормативі - атмосфералық ауаға шу, тербеліс, электромагниттік және басқа да физикалық әсер ететін әрбір көз үшін белгіленетін және зиянды физикалық әсер ету атмосфералық ауаға физикалық әсер етудің жол берілетін шекті деңгейлерінің артуына әкеп соқпайтын норматив;
- 4) атмосфералық ауаға физикалық әсер етудің жол берілетін шекті деңгейі - атмосфералық ауаға физикалық ықпал ету нормативі, ол атмосфералық ауаға физикалық әсер етудің адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсер жасалмайтын ең жоғары деңгейін көрсетеді;
- 5) атмосфералық ауаны, қорғау - атмосфералық ауаның сапасын жақсартуға және оның адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсер етуін болғызбауға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі;
- 6) атмосфералық ауаның ластануы - зиянды (ластаушы) заттардың атмосфералық ауаға түсуі немесе онда пайда болуы;
- 7) атмосфералық ауаның мониторингі - атмосфералық ауаның жай-күйін,

оның ластануын бақылау жүйесі, сондай-ақ атмосфералық ауаның жай-күйіне, оның ластануына баға беру мен болжам жасау;

8) атмосфералық ауаның сапасы - атмосфералық ауаның гигиеналық және экологиялық нормативтерге сәйкестігі дәрежесін көрсететін физикалық, химиялық және биологиялық қасиеттерінің жиынтығы;

9) атмосфералық ауаның трансшекаралық ластануы - физикалық көзі толық немесе ішінара бір мемлекеттің ұлттық юрисдикциясындағы аумақтың шегінде орналасқан және теріс ықпалы басқа мемлекеттің юрисдикциясындағы аумақта байқалатын атмосфералық ауаның ластануы;

10) атмосфералық ауа сапасының гигиеналық нормативі - атмосфералық ауадағы зиянды (ластаушы) заттардың жол берілетін шекті шоғырлануын көрсететін және адамның денсаулығына зиянды әсері жоқ атмосфералық ауа сапасының өлшемі;

11) атмосфералық ауа сапасының экологиялық нормативі атмосфералық ауадағы зиянды (ластаушы) заттардың ең көп құрамын көрсететін және қоршаған ортаға зиянды әсері жоқ атмосфералық ауа сапасының өлшемі;

12) ауада зиянды (ластаушы) заттардың жол берілетін шекті мөлшерде шоғырлануы - асып кетуі адамның денсаулығына және қоршаған ортаға зиянды әсер етуге әкеп соғатын бір немесе бірнеше зиянды (ластаушы) заттардың атмосфералық ауаға әсер ету көрсеткіші;

13) жол берілетін шекті шығарынды нормативі - зиянды (ластаушы) заттың атмосфералық ауаға шығарылу нормативі, ол атмосфералық ауаны ластаудың жылжымалы және тұрақты көзі үшін сол кезде атмосфералық ауа сапасының гигиеналық және экологиялық нормативтері, экологиялық жүйелерге түсетін жол берілетін шекті (қауіпті) ауыртпалық, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да экологиялық нормативтер сақталған жағдайда шығарындылардың үлестік нормативтері ескеріле отырып белгіленеді;

14) зиянды (ластаушы) зат - химиялық немесе биологиялық зат не атмосфералық ауаның құрамында болатын және жол берілетін шекті нормативтерден асып түсетін белгілі бір шоғырлану түрінде адамның денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсер ететін сондай заттардың қоспасы;

15) қолайсыз метеорологиялық жағдайлар - атмосфералық ауаның жер төңірегіндегі қабатында зиянды (ластаушы) заттардың қордалануына ықпал ететін метеорологиялық жағдайлар;

16) парник газдары - әрі табиғи тектес, әрі антропогенді тектес, инфрақызыл сәулелені жұтатын және қайта сәулелендіретін газ тәрізді құрамдағы атмосфералар;

17) шығарынды - жылжымалы және тұрақты көздерден атмосфераға зиянды (ластаушы) заттың түсуі;

18) шығарындының үлестік нормативі - өнімнің, қуаттың, көлік құралдары немесе өзге де жылжымалы құралдар жүрісінің бір өлшеміне шаққанда атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) зат шығарудың ең көп массасының нормативі, ол шығарындылардың жылжымалы, тұрақты көздері, технологиялық процестер мен жабдықтар үшін белгіленеді.

*Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2006.12.29. N 209 Заңымен.*

## **2-бап. Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

Қазақстан Республикасы атмосфералық ауаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастықты атмосфералық ауаны қорғау саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда белгіленген принциптерге сәйкес жүзеге асырады.

## **2-тарау. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ**

### **4-бап. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі принциптері**

Атмосфералық ауаны қорғау мынадай негізгі принциптерді:

1) адамның, қазіргі және болашақ ұрпақтардың өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы;

2) атмосфералық ауаны ластаудың қоршаған орта үшін орны толмас зардаптарына жол бермеу;

3) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын және оған зиянды физикалық әсер етуді мемлекеттік реттеу;

4) атмосфералық ауаның жай-күйі, оның ластануы туралы ақпараттың жариялылығы, толымдылығы және анықтығы;

5) атмосфералық ауаны қорғауға және жалпы қоршаған ортаны қорғауға көзқарастың ғылыми негізділігі, жүйелілігі және кешенділігі принциптерін сақтау негізінде жүзеге асырылады.

## **5-бап. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару**

Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мен облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдары жүзеге асырады.

*Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

## **6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің атмосфералық ауаны қорғау саласындағы құзыреті**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің атмосфералық ауаны қорғау саласындағы құзыретіне:

1) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастыру;

3) экономикалық ынталандыру жүйесін қалыптастыру және атмосфералық ауаны ластайтын шығарындыларды азайтудың тетігін енгізу;

4 ) а л ы п т а с т а л д ы

5 ) а л ы п т а с т а л д ы

6 ) а л ы п т а с т а л д ы

7 ) а л ы п т а с т а л д ы

8 ) а л ы п т а с т а л д ы

9) атмосфералық ауаны қорғау саласында ақпарат берудің және мемлекеттік статистиканы жүргізудің тәртібін белгілеу;

10 ) а л ы п т а с т а л д ы

11) *алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.*

12) техникалық регламенттерді бекіту жатады.

*Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.*

## **7-бап. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының құзыреті**

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының құзыретіне:

1) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының атмосфералық ауаны қорғау мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;

3) атмосфералық ауаны қорғау саласында нормативтік құқықтық актілер әзірлеу;

4) *алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.*

5) атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингін ұйымдастыру және оны жүргізуді қамтамасыз ету;

6) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

7) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын азайтуды экономикалық ынталандыру тетіктерін қолдануды ұйымдастыру;

8) экологиялық ақпаратқа жол ашып беру және атмосфералық ауаның жай-күйі, оның ластануы және атмосфералық ауа сапасын жақсарту бағдарламалары мен тиісті іс-шаралардың орындалуы туралы халыққа хабарлап отыру;

9) атмосфералық ауаны қорғау мақсатында атмосфералық ауа сапасының гигиеналық және экологиялық нормативтерін, атмосфералық ауаға физикалық әсер етудің жол берілетін шекті деңгейлерін және басқа да экологиялық нормативтерді әзірлеу мен бекіту тәртібін белгілеу;

10) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын және оған зиянды физикалық әсер ететін көздерді мемлекеттік есепке алу тәртібін белгілеу;

11) *алып тасталды*

12) *алып тасталды*

13) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын нормалау жекелеген кәсіпорындар мен елді мекендер үшін шығарындыларды нормалаудың мерзімдерін белгілеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

14) *алып тасталды*

15) атмосфералық ауаны қорғау саласында мемлекеттік бағдарламалар әзірлеу;

16) атмосфералық ауаны ластағаны үшін базалық төлем ставкаларын бекіту;

17) техникалық регламенттерді әзірлеу жатады.

*Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.*

**8-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы**

**органдарының атмосфералық ауаны қорғау  
саласындағы құзыреті**

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары :

1) атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі аймақтық бағдарламаларды бекітеді ;

1-1) атмосфералық ауаның ластанғаны үшін (аудандар мен қалалар бөлінісінде) төлемдер ставкаларын, бірақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган бекіткен базалық ставкалардан төмен емес деңгейде, белгілейді ;

2) жергілікті бюджеттер құрамында атмосфералық ауаны қорғау және сауықтыру жөніндегі шығыстарды бекітеді ;

3) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мен ұйымдар басшыларының атмосфералық ауаны қорғаудың жай-күйі туралы ақпараттарын тыңдайды.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) атмосфералық ауаны ластауды азайту мақсатымен елді мекендердегі көліктер легін реттейді ;

2) тиісті аумақтарда атмосфералық ауаны қорғау саласындағы аймақтық бағдарламаларды әзірлеуді және іске асыруды ұйымдастырады ;

3) *алып тасталды - 2006.01.10. N 116 Заңымен.*

4) экологиялық ақпаратқа жол ашады және атмосфералық ауаның жай-күйі, оның ластануы және атмосфералық ауа сапасын жақсарту бағдарламалары мен тиісті іс-шаралардың орындалуы туралы халықты хабардар етеді ;

5) атмосфералық ауаны қорғау саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады ;

6) көлік немесе өзге де жылжымалы құралдарды пайдалану кезінде атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаруды азайту жөнінде шараларды жүзеге асырады ;

7) облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдарымен, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының аумақтық бөлімшелерімен және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша атмосфералық ауаны ластайтын өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру орындарын бөледі ;

8) желдің бағытын ескеріп және қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңдерінде қала құрылысында атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарылуын айқындап, реттейді.

*Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

### **3-тарау. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

#### **9-бап. Атмосфералық ауаны қорғау бағдарламалары және оны қорғау жөніндегі іс-шаралар**

1. Өздері үшін белгіленген шекті жол берілетін нормативтен асып кететін атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын және (немесе) зиянды физикалық әсер ететін көздері бар жеке және заңды тұлғалар оларды азайту жөнінде шаралар қабылдауға тиіс.

2. Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шаралар Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарына сәйкес жүргізілуге тиіс.

3. Атмосфералық ауаның сапасын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және жүзеге асыру кезінде азаматтар мен қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстарын ескеру мақсатында атмосфералық ауаны қорғау бағдарламалары олардың талқылауына шығарылады.

4. Атмосфералық ауаны қорғау бағдарламаларын және оларды жүзеге асыру жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

*Ескерту. 9-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29. № 209 Заңдарымен.

#### **10-бап. Атмосфералық ауаның сапасын және оған зиянды физикалық әсер етуді экологиялық нормалау**

Химиялық, физикалық, биологиялық және радиациялық факторлардың адамдарға, жануарлар мен өсімдіктерге, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен өзге де объектілерге әсер етуінің қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығының өлшемдерін анықтау мақсатында, сондай-ақ атмосфералық ауаның жай-күйін бағалау мақсатында атмосфералық ауа сапасының экологиялық нормативтері мен оған физикалық әсер етудің жол берілетін шекті деңгейлері белгіленеді.

#### **11-бап. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылу және атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ету нормативтері**

1. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарылуын мемлекеттік реттеу мақсатында шығарындылардың үлестік нормативтері және жол берілетін шекті шығарындылардың нормативтері белгіленеді.

2. Шығарындылардың үлестік нормативтерін атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын тұрақты көздердің жекелеген түрлері үшін,

сондай-ақ атмосфералық ауаны ластау көздері болып табылатын көлік құралдары немесе өзге де жылжымалы құралдар үшін атмосфералық ауаны қорғаудың технологиялық нормативтерін әзірлеу құзыретіне кіретін тиісті мемлекеттік органмен келісе отырып, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы белгілейді.

3. Атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етуді мемлекеттік реттеу мақсатында атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің жол берілетін шекті нормативтері белгіленеді.

4. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарудың нормативтері және атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің жол берілетін шекті нормативтері, оларды анықтау әдістері және өздері үшін белгіленген көздердің түрлері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әзірленеді және бекітіледі.

5 . < \* >

6. Зиянды (ластаушы) заттарды мемлекеттік тіркеу, жол берілетін шығарындылар мөлшеріне берілген рұқсаттарды тіркеу және нақты жасалған шығарындыларды тіркеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелерге сәйкес жүргізіледі.

*Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

**12-бап. <\*>**

*Ескерту. 12-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. №*

*13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

### **13-бап. Атмосфералық ауаға зиянды әсер ететін шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын жалпы талаптар**

1. Адамның денсаулығы мен тектік қорына, қоршаған ортаға келтірілуі мүмкін зиянның алдын алу мақсатында жаңа техникаға, технологияға, материалдарға, заттарға және атмосфералық ауаға зиянды әсер етуі мүмкін басқа да өнімге арналған стандарттармен атмосфералық ауаны қорғау талаптары белгіленеді.

2. Егер жаңа техникаларды, технологияларды, материалдарды, заттарды және басқа да өнімді енгізу, сондай-ақ технологиялық жабдықтар мен басқа да техникалық құралдарды қолдану атмосфералық ауаны қорғаудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарына сай келмесе, оларға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында отын өндіру мен пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жол беріледі.

4. Жағылған кезде тиісті аумақта атмосфералық ауаның ластануына әкеп



соғатын жекелеген отын түрлерін пайдалануға Қазақстан Республикасының Үкіметі ғылыми және экономикалық жағынан негізделген шектеу енгізуі, сондай-ақ отынның және басқа да энергия көздерінің экологиялық қауіпсіз түрлерін өндіру мен қолдануды ынталандыруы мүмкін.

5. Адамның өмірі, денсаулығы үшін және қоршаған орта үшін қауіптілік дәрежесі анықталмаған заттарды атмосфералық ауаға шығаруға тыйым салынады .

6. Атмосфералық ауаның жай-күйін өзгертуге бағытталған не оның жай-күйін уақытша нашарлатуға әкеп соғатын кез келген уақытша іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы немесе оның аумақтық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен берген рұқсаттар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

*Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

**14-бап. Шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жобалау, орналастыру, салу, реконструкциялау мен пайдалану кезіндегі атмосфералық ауаны қорғау талаптары**

1. Шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жобалау, орналастыру, салу, реконструкциялау мен пайдалану кезінде, сондай-ақ қалалық және өзге де қоныстарды салу кезінде атмосфералық ауа сапасы нормативтерінің экологиялық , санитариялық-гигиеналық, сондай-ақ құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс.

2. Атмосфералық ауаның сапасына зиянды әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жобалау мен орналастыру кезінде, сондай-ақ қалалық және өзге де қоныстарды салу мен реконструкциялау кезінде атмосфералық ауа ластануының фондық деңгейі және оның сапасының өзгеру болжамы ескерілуге тиіс.

3. Елді мекендерде атмосфералық ауаны қорғау мақсатында шаруашылық және өзге де қызмет объектілерінің санитариялық-қорғаныш аймақтары белгіленеді. Мұндай санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемін халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттығы саласындағы уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы .

4. Атмосфералық ауаның сапасына зиянды әсер етуі мүмкін шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін жаңғырту және реконструкциялау жобаларында зиянды (ластаушы) заттардың атмосфералық ауаға шығарылуын шығарындының жол берілетін шекті нормативіне дейін азайту және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес зарарсыздандыру жөніндегі іс-шаралар көзделуге тиіс.

5. Атмосфералық ауаның сапасына зиянды әсер ететін шаруашылық және өзге қызмет объектілерін орналастыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органымен немесе оның аумақтық бөлімшелерімен және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісіледі.

6. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын жүзеге асыратын жаңа және (немесе) реконструкцияланған шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін пайдалануға берген кезде шығарындылардың үлестік нормативтерін, жол берілетін шекті шығарындылардың нормативтерін және атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерін сақтау қамтамасыз етілуге тиіс.

*Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

**15-бап. Көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдарды шығару және пайдалану кезінде атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы)**

**заттардың шығарылуын реттеу**

1. Шығарындыларында зиянды (ластаушы) заттардың мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шығарындылардың үлестік нормативтерінен асып кететін көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдарды шығаруға және пайдалануға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы, жергілікті атқарушы органдар облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдарды пайдалану кезінде атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын азайту жөніндегі шараларды жүзеге асыруға м і н д е т т і .

3. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының ұсынуы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары өз құзыреті шегінде көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдардың елді мекендерге, демалыс және туризм орындарына кіруіне шектеу енгізіп, көлік құралдарының жү р і с і н р е т т е й а л а д ы .

4. Көлік құралдары мен өзге де жылжымалы құралдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шығарындылардың үлестік

нормативтерге сәйкестігі жөнінен міндетті түрде тексеріліп отыруға тиіс.

*Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

**16-бап. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, уытты заттар мен пестицидтерді сақтау, көму, зарарсыздандыру және өртеу кезінде зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын реттеу**

1. Ұйымдар мен елді мекендердің аумақтарында, сондай-ақ орналастырылу полигондарында өндіріс және тұтыну қалдықтарын, атмосфералық ауаны ластайтын уытты заттар мен пестицидтерді сақтау, көму және зарарсыздандыру, сондай-ақ мұндай қалдықтарды өртеу Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелер негізінде жүргізіледі.

2. Жеке және заңды тұлғалар атмосфералық ауаны ластау көздері болып табылатын өндіріс және тұтыну қалдықтарының оларды жинап қоятын немесе көметін арнаулы орындарға, сондай-ақ мұндай қалдықтарды шикізат ретінде пайдаланатын басқа да шаруашылық немесе өзге де қызмет объектілеріне уақтылы апарылуын қамтамасыз етуге міндетті.

3. Атмосфералық ауаны ластайтын өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыратын жерді облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары бөледі және ол жергілікті өкілді органдармен, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының және азаматтардың денсаулығын сақтау саласына басшылық етуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерімен келісілуге тиіс.

*Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29. № 209 Заңдарымен.*

**17-бап. Атмосфералық ауа жай-күйінің адамдар өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін өзгеруі кезінде халықты қорғау жөніндегі іс-шаралар**

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары қалалық және өзге де қоныстарда желдің бағытын ескеріп, қала құрылысында және қолайсыз метеорологиялық жағдайлар кезеңдерінде атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын реттеп отырады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған әрекеттерді жүргізу тәртібін, оның ішінде тиісті болжамдарды әзірлеу мен беруді Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелерінің ұсынысы бойынша облыстардың (республикалық маңызы бар

қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

3. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттарды шығару көздері бар заңды тұлғалар қолайсыз метеорологиялық жағдайлар болжамдарын алған кезде атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын азайту жөнінде Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аталған іс-шаралардың жүргізілуі мен тиімділігін бақылауды қамтамасыз ететін аумақтық бөлімшелерімен келісілген іс-шараларды жүргізуге міндетті.

4. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың авариялық шығарылуы туғызған атмосфералық ауаның өзгеруі кезінде және ол адамның өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайда Қазақстан Республикасының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы заңдарына сәйкес халықты қорғау жөнінде шұғыл шаралар қолданылады.

*Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

#### **18-бап. Атмосфералық ауаның трансшекаралық ластануы**

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан зиянды (ластаушы) заттардың шығарылу көздерінен атмосфералық ауаны трансшекаралық ластанудың алдын алу және зардаптарын жою мақсатымен Қазақстан Республикасының Үкіметі атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын азайту жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ атмосфералық ауаны қорғау саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес өзге де шараларды жүзеге асырады.

#### **4-тарау. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАҒА ЗИЯНДЫ ӘСЕР ЕТУ КӨЗДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕБІ**

##### **19-бап. Атмосфералық ауаға зиянды әсер ету көздерінің мемлекеттік есебі**

1. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарылатын көздері және атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ететін көздері бар жеке және заңды тұлғалар, сондай-ақ атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылу көлемі мен құрамы, оған зиянды физикалық әсер етудің түрлері мен мөлшері Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

2. Тиісті аумақтарда атмосфералық ауаны қорғау саласында статистикалық байқауларды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын ұйымдардың тізбесін мемлекеттік статистика органдары

б е л г і л е й д і .

*Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

№ 13 *Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

**20-бап. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарылуының, атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ету мен олардың көздерінің есебін жүргізу**

1. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын және оған зиянды физикалық әсер ететін көздері бар жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарылуының, атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ету мен олардың көздерінің есебін жүргізеді.

2. Мемлекеттік есепке алынуға және нормалануға тиіс атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын көздер, атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ету көздері, зиянды (ластаушы) заттардың тізбелері, атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің тізбесі Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарылуының, атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ету мен олардың көздерінің есебін жүргізу нәтижелері туралы деректер негізінде белгіленеді.

**5-тарау. АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ**

**21-бап. Атмосфералық ауа мониторингі**

1. Атмосфералық ауаның жай-күйін байқау, оның жай-күйін кешенді түрде бағалау мен болжау, сондай-ақ мемлекеттік органдарды, ұйымдар мен халықты атмосфералық ауаның сапасы туралы ағымдағы және шұғыл ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы, атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингін ұйымдастырады, Қазақстан Республикасының тиісті аумақтарында оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

2. Атмосфералық ауаның мемлекеттік мониторингі Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың мемлекеттік мониторингінің біртұтас мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелері атмосфералық ауаның

өндірістік мониторингін жүзеге асыруға тиісті ұйымдардың тізбесін белгілейді.

*Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

№ 13 *Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

## **22-бап. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау**

1. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау:

1) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттарды шығаруға және оған зиянды физикалық әсер етуге рұқсаттармен белгіленген талаптарды;

2) атмосфералық ауаны қорғаудың, оның ішінде атмосфералық ауаны қорғауға өндірістік бақылау жүргізудің стандарттарын, нормативтерін, ережелерін және өзге де талаптарын;

3) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын тұрақты көздері бар объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарының режимін;

4) атмосфералық ауаны қорғау бағдарламаларының орындалуын;

5) Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарының өзге де талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге тиіс.

2. Мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру:

1) атмосфералық ауаға қарқынды әсер ететін табиғат пайдаланушылар қызметінің экологиялық нәтижелілігін бағалау;

2) тексерілетін объектілер бойынша перспективалық, жылдық, жедел жұмыс жоспарларын әзірлеу және зертханалық-талдау деректерін және атмосфералық ауаға әсер ету, шаруашылық қызметі ықпалынан оның өзгеруі туралы өзге де ақпараттар жинау жолымен мемлекеттік органдардың, табиғат пайдаланушылардың арасындағы өзара тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырылатын атмосфералық ауаға теріс әсер етуді азайту мен жою жөніндегі шаралар кешенін қамтиды.

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының, оның аумақтық бөлімшелерінің зертханалық-талдау бақылауы қызметтерінің деректері атмосфералық ауаның сапасын айқындау үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны ластайтын көздерден сынамалар алу жолымен алынуы мүмкін.

3. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау:

1) мемлекеттік және ведомстволық статистикалық есептілік материалдарын, Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының, оның аумақтық бөлімшелерінің зертханалық-талдау бақылауы қызметінің атмосфералық ауаға әсер ету туралы деректерін, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің табиғат қорғау қызметі және тексерулер барысында анықталған бұзушылықтарды жоюы туралы мәліметтерді талдау;

2) тексерулерді ұйымдастыру мен жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

#### 4. Тексерудің түрлері:

жоспарлы - Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы, оның аумақтық бөлімшелері жоспарлаған және алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін тексеру;

жоспардан тыс - жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылық туралы өтініштерде және өзге де ақпараттарда жазылған фактілер бойынша жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, қоғамдық тәртіпке, ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіп-қатерді дереу жоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық белгілерінің тікелей анықталуына байланысты, сондай-ақ жоспарлы тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы талаптардың орындалуын бақылау мақсатында тағайындалатын тексеру;

қарсы - тексеру жүргізу кезінде үшінші тұлғаларға байланысты қосымша ақпарат алу қажеттігі туындаған жағдайда осы тұлғаларға қатысты жүргізілетін тексеру;

рейдтік - атмосфералық ауаны қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жекелеген талаптарын сақтау мәселелері бойынша бірмезгілде бірнеше субъектілерді тексеру;

кешенді - Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы, оның аумақтық бөлімшелері қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласындағы бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізетін тексеру.

Тексерулердің өзге түрлерін жүргізуге тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы, оның аумақтық бөлімшелері шығаратын тексеру тағайындау туралы акт құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік органда міндетті түрде тіркеледі.

6. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының, оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары тексеру нәтижелері бойынша өз құзыреті шегінде мынадай актілерді:

1) Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын тексеру актісін;

2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы;

3) нұсқаманы;

4) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарады.

Кәсіпкерлік субъектінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасын

бұзушылықты жою туралы нұсқаманың орындалғаны туралы ақпаратты нұсқаманы орындау мерзімі өткеннен кейін жеті күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органына, оның аумақтық бөлімшелеріне табыс етуге тиіс.

*Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **23-бап. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы өндірістік бақылау**

1. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы өндірістік бақылауды атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын және зиянды физикалық әсер ететін көздері бар заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Атмосфералық ауаны қорғаудың жай-күйіне өндірістік бақылауды стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның куәлігі бар аттестатталған зертханалар жүргізеді.

3. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын көздері бар заңды тұлғалар атмосфералық ауаны қорғауды, оның сапасын бақылауды Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асыруға тиіс.

4. Атмосфералық ауаны қорғау саласындағы өндірістік бақылауды жүргізуге жауапты тұлғалар туралы мәліметтер, сондай-ақ атмосфералық ауаны қорғау саласындағы өндірістік бақылаудың нәтижелері Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының аумақтық бөлімшелеріне және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына табыс етіліп отырады.

*Ескерту. 23-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).*

### **24-бап. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мемлекеттік инспекторларының құқықтары**

1. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мемлекеттік инспекторларының:

1) меншік нысандары мен бағыныстылығына қарамастан, ұйымдар мен басқа да объектілерге (оның ішінде белгіленген тәртіппен әскери және қорғаныс объектілеріне) кедергісіз (қызметтік куәліктерін көрсете отырып) кіруге, атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға қажетті құжаттаманы, талдаулардың нәтижелері мен өзге де материалдарды танысу үшін сұратып және тегін алуға;



2) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттарды шығарудың белгіленген нормативтерінің сақталуын және тазалау құрылыстарының жұмысын, осындай шығарындыларды бақылау құралдарын тексеруге;

3) атмосфералық ауаны қорғау мен сауықтыру жөніндегі жоспарлар мен іс-шаралардың орындалуын, атмосфералық ауаны қорғау туралы заңдар талаптарының сақталуын тексеруге;

4) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңдарына сәйкес қажетті лицензиялардың, мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының бар-жоғын, табиғи ресурстарды пайдалануға лицензияларда белгіленген талаптардың сақталуын және атмосфералық ауаны қорғау саласындағы жекелеген қызмет түрлерінің жүзеге асырылуын, табиғат пайдалануға жасалған шарттар (келісім-шарттар) мен берілген рұқсаттардың орындалуын тексеруге, белгіленген тәртіппен олардың күшін жоюға, олардың күшін жою туралы нұсқамалар беруге немесе ұсыныстар енгізуге;

5) атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің белгіленген нормативтерінің сақталуын тексеруге;

6) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге және оның қорытындыларының орындалуын тексеруге;

7) экологиялық қауіпті жүктерді (бұйымдарды), қалдықтар мен шикізат ресурстарын Қазақстан Республикасының аумағына атмосфералық ауа сапасының нормативтерін бұза отырып әкелудің (әкетудің) жүзеге асырылуына, сондай-ақ олардың транзитіне (одан әрі тасымалдануына) тыйым салу туралы нұсқамаларды шығаруға;

8) сот органдарына Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзып жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызметті тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы талап арыз беруге;

9) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қарауға, тиісті органдарға атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдардың бұзылуына кінәлі адамдарды әкімшілік немесе қылмыстық жауапқа тарту туралы материалдарды жіберуге;

10) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуына және оған зиянды физикалық әсер етуге рұқсаттардың қолданылуын үш айға дейінгі мерзімге тоқтата тұруға, егер мұндай рұқсаттардың талаптары сақталмаса, тиісті құқықтық рәсімді қолдана отырып, олардың күшін жоюға, бұл жағдайда рұқсат иесіне алдағы уақытта оның күші жойылатыны туралы алдын ала хабарланады;

11) Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзу салдарынан келтірілген зиян мөлшерін анықтауға (анықтауға қатысуға) және соның негізінде кінәлі тұлғалардан осы зиянды өз еркімен өтеуді

талап етуге не сотқа талап қоюға;

12) тұрақты және жылжымалы көздер, оның ішінде көлік құралдары жүзеге асыратын атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын өлшеу ісін жүргізуге;

13) тиісті қаржы-кредит ұйымдарына экологиялық талаптарды бұзып немесе экологиялық сараптаманың оң қорытындысынсыз жүзеге асырылатын шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін салу мен пайдалануды қаржыландыруды тоқтату туралы нұсқамалар енгізуге;

14) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы өндірістік бақылау нормалары мен ережелерінің сақталуын тексеруге;

15) Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарының бұзылуын жою туралы жеке және заңды тұлғалар үшін міндетті нұсқамалар шығаруға құқығы бар.

16) **алып тасталды**

2. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мемлекеттік инспекторларының шешімдері барлық жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті, оларға бағыныстылық тәртібімен немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

*Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.31. № 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.*

### **25-бап. Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мемлекеттік инспекторларының міндеттері**

Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органының мемлекеттік инспекторлары:

1) Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарында белгіленген әзірлік деңгейінде болуға;

2) қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асыруға;

3) тиісті аумақта атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттарды шығарудың белгіленген нормативтерінің, сондай-ақ атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттарды шығаруға және оған зиянды физикалық әсер етуге рұқсаттарда көзделген басқа да талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындыларының орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

5) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы бақылауды жүзеге асыру кезінде азаматтармен және қоғамдық табиғат қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимыл

ж а с а у ғ а ;

б) қоршаған табиғи ортаға атмосфералық ауаны ластау арқылы келтірілген зиянды өтеудің мөлшерін негіздеуге;

7) мемлекеттік органдарға атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарды бұзу фактілері туралы өз құзыреті шегінде хабарлап отыруға;

8) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдардың бұзылғандығы туралы материалдарды дайындауға және құқық қорғау органдарына жіберуге;

9) атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу кезінде ұйымдарға жәрдем көрсетуге;

10) ұйымдарға Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы орган тізбесін белгілейтін нормативтерді әзірлеу жөнінде құжаттама беруге міндетті.

*Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20.*

*№ 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. № 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

## **6-тарау. ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **26-бап. Азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің атмосфералық ауаны қорғау саласындағы құқықтары**

1. Азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің:

1) атмосфералық ауаның жай-күйі, оның ластануы туралы, сондай-ақ атмосфералық ауаны ластайтын және оған зиянды физикалық әсер ететін көздер туралы анық ақпарат алуға;

2) атмосфералық ауаны қорғау және оны қаржыландыру жөніндегі іс-шараларды өткізуге қатысуға;

3) атмосфералық ауаның сапасына зиянды әсер етуі мүмкін, жоспарланып отырған шаруашылық және өзге де қызмет мәселелерін талқылауға қатысуға;

4) атмосфералық ауаны қорғау бағдарламаларын талқылауға және оларда оның сапасын жақсарту туралы өз ұсыныстарын енгізуге;

5) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы құқықтардың, бостандықтардың немесе заңды мүдделердің бұзылуы немесе бұзылу қатерінің төнуі туралы және атмосфералық ауаның ластануынан өмірге, денсаулыққа және мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы талап қоюға;

б) нормативтерді, ережелерді және басқа да нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу процесінде оларды талқылауға қатысуға құқығы бар.

2. Қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп пен талаптар бойынша атмосфералық ауаны ластайтын және оған зиянды физикалық әсер ететін көздері бар шаруашылық

және өзге де қызмет объектілерінің есептерімен танысуға құқығы, сондай-ақ олардың аумағына кіруге құқығы бар.

3. Азаматтардың және қоғамдық бірлестіктердің Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы лауазымды адамдарының әрекеттеріне бағыныстылық реті бойынша немесе сотқа шағымдануға құқығы бар.

*Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.*

**27-бап. Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын тұрақты және жылжымалы көздері бар жеке және заңды тұлғалардың міндеттері**

Атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығаратын тұрақты және жылжымалы көздері бар жеке және заңды тұлғалар:

1) адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіруі мүмкін немесе қатер төндіретін не адамдардың денсаулығына және (немесе) қоршаған ортаға зиян келтірген атмосфералық ауаның ластануы туғызған авариялық шығарындылар туралы ақпаратты авариялық шығарындылар салдарынан зақымдануы мүмкін ұйымдарға және мемлекеттік органдарға дереу беріп отыруға;

2) атмосфералық ауаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын органдарға атмосфералық ауаны қорғау мәселелері бойынша дер кезінде, толық және дұрыс ақпаратты белгіленген тәртіппен беріп отыруға;

3) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарылуының есебін жүргізуді және жол берілетін шекті шығарындылардың нормативтері мен атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер етудің жол берілетін шекті нормативтерін әзірлеуді қамтамасыз етуге;

4) атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет объектілерін салу орындарын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарымен келісуге;

5) атмосфералық ауаның ластану деңгейін азайту мақсатында қалдығы аз және қалдықсыз технологияны енгізуге;

6) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын ұстап қалу, кәдеге жарату, зарарсыздандыру, оларды жол берілетін шекті шығару нормативіне жеткенге дейін қысқарту жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға және жүзеге асыруға;

7) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттарды авариялық шығарудың алдын алу мен жою жөніндегі, сондай-ақ оның ластану зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

8) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттардың шығарылуын және

олардың көздерін есепке алуды жүзеге асыруға, атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарудың белгіленген нормативтерінің сақталуына бақылау жүргізуге;

9) атмосфералық ауаға зиянды (ластаушы) заттар шығарындыларын тазарту мен бақылауға арналған құрылыстарды, жабдықтарды пайдалану ережелерін сақтауға;

10) атмосфералық ауаға зиянды физикалық әсер ететін шаруашылық және өзге де қызмет объектілерінің санитариялық-қорғаныш аймақтары режимінің сақталуын қамтамасыз етуге;

11) шаруашылық және өзге де қызмет объектісінің тиісті аумағынан атмосфералық ауаны ластайтын қалдықтардың осындай қалдықтар жинап қойылатын немесе көмілетін арнаулы орындарға, сондай-ақ осындай қалдықтарды шикізат ретінде пайдаланатын шаруашылық және өзге де қызмет объектілеріне уақтылы апарылуын қамтамасыз етуге;

12) Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы орталық атқарушы органы мемлекеттік инспекторларының нұсқамаларын орындауға;

13) атмосфералық ауаға таралатын зиянды заттар шығарындыларының белгіленген жол берілетін шекті нормативтерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

*Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.29. N 209 Заңдарымен.*

## **7-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **28-бап. Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзу арқылы келтірілген зиянды өтеу**

Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзу салдарынан азаматтардың денсаулығына, қоршаған ортаға, ұйымдардың, азаматтар мен мемлекеттің мүлкіне зиян келтірген жеке және заңды тұлғалар зиянды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтеуге міндетті.

### **29-бап. Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік**

Қазақстан Республикасының атмосфералық ауаны қорғау саласындағы заңдарының бұзылуына кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

### **30-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі**

1. Осы заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.
2. "Атмосфералық ауаны қорғау туралы" 1981 жылғы 12 маусымдағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1981 ж., N 25, 482-құжат; 1984 ж., N 36, 447-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК